

детей содержит в себе наибольшие возможности для воспитания в детях ответственного отношения к труду, привития интереса к учению, формирования основных стереотипов учебной деятельности.

Проблема развития творческой активности личности детей ставит задачи определения педагогического подхода к разным детям с учетом их психолого-физиологических особенностей.

Способность к сопереживанию получает свое развитие в условиях школьного обучения потому, что ребенок участвует в новых деловых отношениях. Невольно он вынужден сравнивать себя с другими детьми: с их успехами, достижениями, поведением, и ребенок просто вынужден учиться развивать свои способности и качества.

Таким образом, младший школьный возраст является наиболее ответственным этапом школьного детства. Основные достижения этого возраста обусловлены ведущим характером учебной деятельности и являются во многом определяющими для последующих лет обучения: к концу младшего школьного возраста ребенок должен хотеть учиться, уметь учиться и верить в свои силы. Полноценное проживание этого возраста, его позитивные приобретения являются необходимым основанием, на котором выстраивается дальнейшее развитие ребенка как активного субъекта познаний и деятельности. Основная задача взрослых в работе с детьми младшего школьного возраста – создание оптимальных условий для раскрытия и реализации возможностей детей с учетом индивидуальности каждого ребенка.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Концепция гуманитарного образования в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1994.
- 2 Концепция этнокультурного образования в РК от 19 июня 1996.
- 3 Батурич Ф.А. Интегрированные технологии в современном музыкальном образовании: учебно-метод. пособие. – Ростов-на-Дону: Изд-во РГПУ, 2006.
- 4 Колодилов В.В. О закономерностях и средствах художественного воздействия музыки. – М., 1973. – 256 с.
- 5 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. – 544 с.
- 6 Лисин К.Н. Целостность и управление. – М.: Наука, 1974. – 246 с.
- 7 Асмолов А.Г. Деятельность и установка. – М., 1979. – 150 с.
- 8 Сухомлинский В.А. О воспитании. – М., 1985. – 174 с.

#### **ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОЛДАУ: ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕР, ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕР, ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

*Ақанова Б.Қ.,*

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған  
«Озат» мектеп-интернаты» КММ, Қазақстан*

Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Егеменді еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесін алып, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы іске асу барысында, осы тұста өз жеткіншегін жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу, тиісті мамандық беру кез-келген мемлекеттің естен шығармайтын негізгі мақсаттарының бірі. Қазіргі кезде орын алып отырған қиыншылықтарды, келеңсіздіктерді жеңетін де, жаңаша жол табатын да, нарықтық қатынастардың дұрыс бағытын анықтайтын да тек іскер, білгір мамандар болатындығына дау жоқ.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дегендей, ұрпақ тәрбиесі – қай кезеңде де халықтық мәселе болған. Жаңа дәуір табалдырығында тұрған адамзат баласы өзінің даму сатысында

қабілетке барынша иек артуда. Интеллектуалдық ақыл-ой иесі дегенде біз талантты адамдарды айтамыз. Мұндай дарын иелері қоғамның үлкен байлығы және алға жылжытар күші. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы /3/.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», – деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген.

Мұғалім өзінің теориялық білімі арқылы оқушы бойына өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді талдау, мектеп тәжірибесін зерделеу – дарындылықты дамытуға септігін тигізетін функционалды мүмкіндіктердің бірі болып табылады.

«Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз» дейді жантанушылар.

Дарындылықты ашудың қажетті шарттары туралы А.Владимиров «Бізге туғаннан берілген дарын өңделмеген алмазға ұқсайды. Жаңа ғана «Сібір кенінен» алынған мөлдір, қатты тас тәріздес (бірақ алмаз қаншалықты тамаша болса да, маржан тас екеуінің айырмашылығы жер мен көктің айырмашылығындай). Маржан тас деп-ерен еңбекті қажет ететін тегістелген алмазды айтамыз» деп жазды. Дарынды балаларға арналған бағдарламалар мен тапсырмалар – нағыз зертхана.

Баланың бойында күш қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне сендіру – ұстаз бойындағы құдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді. Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не? Оқушы дарындылығын, қабілетін қалай анықтауға болады? Неліктен кейбір адамдарда қабілеті ерте жасында байқалады? Ал кейбір адамдарда ересек жасында пайда болады? Осы сұрақты талмай іздеп таба білген ұстаз ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жүргізе алады. Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет-ақ.

Дарынды баланың психологиялық ерекшеліктерін әрдайым оқу-тәрбие жұмысында басты назарда ұстау керек.

Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – заман талабы. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Яғни, оқушының дарындылығын айқындау, шығармашылық дарындылығын зерттеу, анықтау, белгілі бір бағыт – бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Дарынды балаларды оқыту бағдарламасы олардың мүмкіндіктері мен талаптарына және осы деңгейдегі оқушыларды оқыту мақсатына сәйкес келуі керек. Оқыту мазмұнының басты талаптары мыналар:

- Оқу пәндерінің сандық және сапалық ерекшеліктері;
- Оқыту мазмұны мен әрбір оқу пәнінің мазмұны және зерттеушілік сипатта болып келуі;
- Әр тарау көлемі мәліметтер қорына байланысты түрлі мөлшерде берілуі.
- Бұл тәсіл оқытудың негізгі бағыттарына, яғни білім, білік, дағдыны шығармашылық тұрғыда меңгерулеріне жақсы әсер етеді. Мұндай әдіс оқытудың жаңа бағыттарын шешуде, яғни балалардың қабілеті мен шығармашылық ойлауын кеңейтіп, оны одан әрі дамытуға мүмкіндіктер беретінімен маңызды. Дарындылықты дамытуда оқушыға талап қоя білу қажет. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс оқушының шығармашылығын шыңдап, жақсы нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ерекше қабілетті оқушыларды анықтаудың жолдары мынадай:
- Жеке тұлғаны (дарынды) жалпы сынып оқушылары арасынан табу, іздеу.

– Іс жүзінде оны сынып оқушыларының білім деңгейінен күрделірек әртүрлі тапсырмалар беру арқылы білім деңгейін, қабілетін бақылап, сынақтан өткізу.

– Осы жұмыстардың нәтижесінен кейін қабілетті оқушымен белгілі бір бағыт – бағдар бойынша жұмыс жүргізу.

Ол бағдарламаның негізі Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңын жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның білім алу қажеттілігін, дағдысын қалыптастыруға бағытталуы керек.

**Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың мақсаты:**

– Жан-жақты дамыған, білімді, білікті жеке тұлғаны қалыптастыру;

– Оқу – тәрбие жұмысының негізгі өзегі ретінде тұлғалық бағдарлы, гуманды – тұлғалық педагогика идеясы ұстанымдарын қолдану.

**Міндеттері:**

– Өзін-өзі дамытуға құштар, икемді, ақпараттық, интеллектуалдық ресурстарды қолдануға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру;

– Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу – тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану;

– Оқушының өмірін ізгілендіру мен демократияландыру арқылы жеке тұлғасының дамуына қолдайлы жағдай туғызу;

– Аузша, жазбаша тілдік қорларын арттыру. Шығарма, ойтолғау жаза біліуге дағдыландыру;

– Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту /5/.

Әрбір талантты бала еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға байланысты. Дарындылықты данышпандылыққа айналдыру үшін қажымай – талмай еңбектену қажет. Әр ұстаз алдында отырған шәкіртінің табиғи дарынын танып, оны одан әрі дамытуға күш жұмсауы керек. Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауды мынандай жұмыс түрлерін қолданамын:

Дарынды оқушылардың қызығушылығын анықтау.

– Дарынды оқушылардың қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру.

– Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету.

– Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу.

– Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыру.

– Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы түрде жүргізу.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін ашу – мұғалім міндеті.

***Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары.***

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 5 – тарауындағы 41– баптың 1– бөліміндегі “педагог қызметкерлер өз біліктілігін артыруға міндетті” деп көрсетілуі, “Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасында елбасының “біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек” деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында “Оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту” өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектеп басшысы, ұжымдағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет /3/.

Сапалы білім беру – бүгінгі күннің талабы болғандықтан біздің барлық күшіміз білім сапасын көтеру және педагогикалық үрдісті жетілдіруге бағытталуы тиіс. Оқушы жұмысының сапасына, оқу – тәрбие үрдісінің жоғары нәтиже көрсетуіне үлкен әсерін тигізетін жол бұл мұғалімнің әдістемелік жүйесі.

**Мұғалімнің әдістемелік жүйесі** – оқу – тәрбие үрдісін жүзеге асыруға және белгілі сапалармен тұлғаны қалыптастыруға өнімді әсер ету, мақсатты бағдарланған жобалау үшін қажетті өзара байланысқан компоненттер: мақсаттар, мұғалімнің әдістемелік стилі және ұйымдастыру формалар жиынтығы.

**Мұғалімнің әдістемелік жүйесінің белгілері:**

- мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін компоненттердің толымдылығы;
- барлық компоненттердің арасындағы байланыс пен тәуелділіктің нақтылығы;
- компоненттерді біріктіруді қамтамасыз ететін жетекші звенолар мен идеялардың барлығы;
- компоненттерде жалпы сапалар жүйесінің болуы /4/.

Қазіргі кезеңдегі білім беруде жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру оқушының оқу – танымдық іс – әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Шығармашылық қызығушылық тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс – әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан шығармашылық қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылудың маңызы зор.

Яғни, оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады. Оқушының шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

– когнитивтік (танымдық) сапалары – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтасының тұрақтылығы т.б.

– креативтілік (шығармашылық) сапалары – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу немесе сезу, өзекті мәселені табу, шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы

– әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой- санасы, коммуникативтік қабілеттері т.б.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр баланың бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Ғаламдандыру күннен күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік, қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының өсуі білім беру саласының, мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп болып отыр. Ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», деп білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Себебі ертеңгі келер күннің нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын – білім. Тек білімді ұрпақ қана қоғамға қозғаушы болатыны сөзсіз. Қазіргі заман талабына орай білім беру жүйесінің алдында қоғамдық құндылықтарды, мәдениетті, қоғамдық белсенді шығармашылыққа бейімделген міндеттерді атқара алатын тұлғаларды дайындау міндеті тұр.

Болашақ ұрпақ жауапты, жігерлі болу үшін мұғалімнің жаңаша ойлау түрін педагогикалық іс-әрекетін ғылыми тұрғыда ұйымдастырғанда ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін мұғалім жаңа оқу технологиясын жақсы білу керек. Ол міндетке дарынды балаларды таңдап, олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу жатады. Дарын иесін таңдап алу ұзақ уақыттың жемісі. Менің өз тәжірибемде үлкен көңіл аударатын жағдайым, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдысын, өз ойларын еркін жеткізіп, айта білулерін қалыптастыру.

Дарынды және шығармашылығы жоғары балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің рөлі ерекше. Олардың міндеті білімді ғана беру емес, оқушының өзіндік мүмкіндігін ашу.

**Дарындылықтың түрлері:**

- Интеллектуалды
- Академиялы
- Шығармашылық
- Көсемдік (лидер)
- Көркем орындаушылық

**Дарындылықты анықтау критерийлері:**

1. Теориялық материалды толық игеруі.
2. Материалды игеруде табандалақ көрсетуі (бастап, тастап кетпеуі)
3. Алған білімді әр сабақ сайын дамыту.
4. Өз ойларын баяндағанда көркем әдебиетті пайдалану.
5. Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы.
6. Өзіне-өзі талап қоя білуі.
7. Тапсырылған жұмысты сапалы орындауы.

Дарынды балалармен жұмыс істеуде оқушының өзіндік дамуына, бағалауына және ойлау дербестігіне көп көңіл бөлінеді.

Мұғалімнің дарынды балалармен жұмыс істеуде ұсынатын ережесі:

- оқушының жауабы дәлелді, негізді болу;
- кез-келген жауаппен келіспеу;
- оқушымен таласты ешқашан жеңіл тәсілмен шешпеу, дұрыс жауап, тәсілді хабарлау арқылы шешу;
- оқушыны зейін қойып тыңдау;
- оқыту барысында оқушының қызығушылығын, түрткісін, ұмтылысын негізге алу /5/.

Сондықтан да бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі жаңа педагогикалық, инновациялық технологиялармен, жаңа әдіс – тәсілдермен түрлендіре оқытылады. Біз қазақ тілі және әдебиет мұғалімдері бірлесіп 8-11 сынып оқушылары үшін «Қазақ тілі практикамы» атты оқу – әдістемелік кешенін әзірледік. Осы оқу кешені оқушыларды қазақ тілінен пәндік олимпиадаға дайындау барысында «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша үйретеміз.

Мен өзімнің ұстаздық тәжірибемде оқыту мақсатын білім алушылардың сабақта белсенділігін арттыруға, шығармашылық, бәсекелестік деңгейлерін жетілдіруге, оқытудың жаңа инновациялық әдістерін меңгертуге, қазақ тілінің орфографиялық, фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктерін терең меңгеруге бағыттаймын. Сабақта әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың сабақта белсенділіктерін арттырып, айналасымен қарым-қатынас жасай отырып, олардың коммуникативтік құзырлығын дамытуға тырысымын. Сабақта білім алушының іс-әрекеті арқылы нәтижеге жетуді жоспарлаймын. Менің дарынды балалармен үздіксіз жұмыс жүргізудің арқасында жыл сайын өтетін пән олимпиадасы мен оқушылардың ғылыми оқылымының облыстық, республикалық кезеңінде және түрлі интеллектуалды сайыстарда жүлделі орындарға ие болып отырады.

Қорыта келгенде, Егеменді еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін оның негізгі тұтқасын ұстайтын дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз. Халқымыз «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деп бекер айтпаған.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Иманбекова Б., Әбдіреймова К., Мазаржанова Қ. Оқытудың негізгі формасы – сабақ. – Алматы, 2003.
- 2 Ахметжанова А. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары, 2004.
- 3 Әбілқасымов А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994.
- 4 Әуелбеков Ш. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1987.
- 5 Есмағанбетова Ш. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. – Алматы: Ғылым, 2002.

### ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ЦЕНТР «ЕВРАЗИЯ» КАК СРЕДА САМОПОЗНАНИЯ, САМОСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧАЩИХСЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

*Артёмов Е.М.,*


*гимназия им. Горького, г. Костанай, Казахстан*

*Annotation. Ethnocultural center "Eurasia" – is an integral social organism functioning when the major components of education interact with each other, reflecting a particular way of life the school organization.*

*Ethnocultural center "Eurasia" could be a model for the school educational system.*

Этнокультурный центр «Евразия» – это целостный социальный организм, функционирующий при условии взаимодействия основных компонентов воспитания, отражающий специфический способ организации жизнедеятельности коллектива школы. Этнокультурный центр «Евразия» может стать моделью школьной воспитательной системы.

#### Структура этнокультурного центра «Евразия»



В результате объединения комплекса идей, людей, их реализующих, отношений возникающих между ее участниками, освоенной среды и управленческой деятельности по обеспечению жизнеспособности, в процессе целенаправленной деятельности, происходит развитие и совершенствование воспитательной системы школы.

Деятельность центра строится с опорой на внутреннюю активность ребенка, на его индивидуальные способности. Эффективность работы центра достигается благодаря совместной продуктивной деятельности педагога, учащихся и родителей, основанной на признании равенства всех участников.

Ориентация центра направлена на результат творческого поиска и на сам процесс творчества.

На выбор цели повлияли интересы и потребности учащихся и родителей, а именно:

– Желание детей строить взаимоотношения по законам добра и красоты на основе общечеловеческих ценностей.

– Желание чувствовать себя в окружающем социуме комфортно.